Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша комиссия отырысының

№ 2 Хаттамасы

Өткізу уақыты
1 маусым 2023 жыл

Өткізу орны
Шұбаркұдық ауылы

Қатысқандар саны: 5
Қатыспағандар саны: 2 (іссапарда)

Комиссия төрағасы: Өсербаев А.М. – «Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» ММ-нің басшысы;
Комиссия хатшысы: Қаңтарбаева Н.Қ. – «Балақай» бөбекжай-балабақшасының әдіскері;
Комиссия мүшелері: Нұрғалиев А.Ж. - Темір аудандық «Аманат партиясы» филиалының атқарушы хатшысы;
Мырзағали А.М. – Темір ауданының «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы филиалының директоры (іссапарда);
Семибаев Н.Т. – Темір аудандық «Жастар арасындағы дін істер орталығы» басшысы;
Сабенова Н.Ж. – Темір аудандық білім саласындағы қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының төрайымы (іссапарда);
Жанекешова А.М. – «Балауса» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі;
Ермағанбетова Г.Ғ. - Темір ауданының білім бөлімінің әдіскері.

Күн тәртібінде

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға конкурсқа қатысуға ұсынылған құжаттардың Қағида талаптарына сәйкестігін айқындау үшін «Еркежан» балабақшасын (ЖК «Имангалиева Жумазия») барып зерделеу жүргізу.

1. Тыңдалды : «Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» ММ-нің басшысы А.М.Өсербаевтың төменде ұсынылған құжаттары туралы ақпараты.

1) "Мектепке дейінгі ұйымдарға және балалар үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар "Санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығына (бұдан әрі - Санитариялық қағидалар) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23469 болып тіркелген) сәйкес жағдайлар;

2) "Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26867 болып тіркелген) (бұдан әрі-Өрт қауіпсіздігі қағидалары) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығына сәйкес жағдайлар;

3) төтенше жағдайлар туындаған кезде хабарлау жүйесі бар (дабыл түймешесінің, автоматты хабарлау жүйесінің, оның ішінде ішкі дыбыстық хабарлау жүйесінің болуы);

4) "Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 қаулысына сәйкес терроризмге қарсы қорғалу (бейнебақылау жүйесінің болуы);

5) "Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26618 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығына

және "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың (бар болған жағдайда) білім алуы үшін арнайы жағдайлар және қолжетімді орта ұйымдастырған;

6) "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы бұйрығына сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырған;

7) санитариялық қағидаларға сәйкес тәрбиеленушілерге медициналық қызмет көрсету және алғашқы медициналық көмек көрсету үшін жағдайлар жасаған;

8) Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына (Нормативтік "Педагогтер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) және "Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысына сәйкес тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар педагог кадрлармен қамтамасыз еткен.

Жоғарыда аталған құжаттарды тексеру нәтижесінде «Еркежан» балабақшасы (ЖК «Имангалиева Жумазия») қосымша 23 орынға конкурстық өтінімі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері мен ата-аналық төлем, сонымен қатар Шұбарқұдық ауылы тұрғындарының мектепке дейінгі білім беру мекемелеріне деген жоғары сұранысын ескере отырып, конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптарға сәйкес келетіндігі анықталды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша Комиссия шешім етті :

1. Комиссияның зерттеу, зерделеу нәтижесінде«Еркежан» балабақшасы ғимараты талапқа сәйкес деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығына сәйкес «Еркежан» балабақшасына (ЖК «Имангалиева Жумазия») қосымша 23 орынға мемлекеттік тапсырыс берілсін.

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын беру туралы шешім «Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ресми интернет-ресурсында орналастырылсын.

«Қолдағандар» - 5 дауыс
«Қарсы» - 0 дауыс
«Қалыс» - 0 дауыс

Комиссия төрағасы: Өсербаев А.М.
Комиссия мүшелері : Нұрғалиев А.Ж.
Мырзағали А.М.
Семибаев Н.Т.
Сабенова Н.Ж.
Жанекешова А.М.
Ермағанбетова Г.Ғ.
Комиссия хатшысы : Қаңтарбаева Н.Қ.